

ғына байланысты жоғары молекулалық полимерлік материалдар алу үшін бастапқы зат ретінде пайдаланылуы мүмкін [18].

n-Оксибензой қышқылы (балқу т. 214-216°C) мен оның эфирлерінің бактерицидтік әсері бар тағам консерванттары ретінде қолданылады [6].

n-Оксибензой қышқылын алудың негізгі лабораториялық және өнеркәсіптік тәсілі Кольбе-Шмидт бойынша сілтілік металдар феноляттарын әсіресе, калий фенолятын көміртек диоксидімен карбоксилдеу болып табылады [10]. Бұл тәсілмен әрқашанда екі изомер – о-оксибензой мен n-оксибензой қышқылдарының қоспасы алынады; бұл кезде реакцияның негізгі өнімі о-оксибензой қышқылы (салицил қышқылы) болып табылады [7, 10]. n-Оксибензой қышқылының жоғары шығымдары (90% дейін) гидроксил тобына қатысты о-жағдайда орынбасарлар болған кезде, 2,6-диалкилфенолдарды карбоксилдеу кезінде ғана алынады [19]. Басқа жағдайларда, ерекше тәсілдермен [а) калий фенолятын қолдану; б) түрлі инертті еріткіштерді қолдану; в) промоторлар рөлін атқаратын түрлі қосылыстар қатысында карбоксилдеу реакциясын жүргізу] кей жағдайларда n-оксибензой қышқылының шығымын өсіруге (бірақ 50%-дан жоғары емес) болады [3, 7, 10]. Бірақ та, барлық жағдайларда қоспа түрінде о-оксибензой қышқылы (5-6%-дан кем емес) түзіледі.

*Оксинафтой қышқылдары.* Оксинафтой қышқылдарының жеткілікті көп практикалық құндылығына қарамастан, қазіргі кезде оларды синтездеудің Кольбе-Шмидт реакциясынан басқа өнеркәсіптік әдістері белгісіз.

2-Окси-3-нафтой қышқылын алудың өнеркәсіптік тәсілін қысқаша төмендегідей баяндауға болады [8]. Карбоксилдеуге арналған аппаратқа 100°C дейін қыздырылған 50% күйдіргіш натр ерітіндісін, содан соң балқытылған β-нафтолды салады. Аппаратты жауып, оны көміртек диоксидінің ортасында ( $P_{CO_2}=3-3,5$  атм) 182°C дейін қыздырады, содан соң қысымды баяу атмосфералық қысымға дейін 5-6 сағат бойына төмендетеді, бұл кезде температура 172°C-ге дейін түседі. Бұдан кейін реакциялық қоспадан қыздыру арқылы суды бөледі (кептірудің жалпы ұзақтығы 24 сағат). Содан соң, 2 сағат бойы көміртек диоксидін 4,5 атм қысымға дейін жіберіп, осы қысымды 8-10